

Рухани келісім күнін өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 17 қазандағы N 295-ө
Өкімі

Қазақстан қоғамында төзімділік қағидаттарын нығайтуға бағытталған мемлекеттік саясатты одан әрі дамыту, Рухани келісім күнін сәтті өткізу мақсатында:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Рухани келісім күнін дайындау және өткізу жөніндегі жұмыс тобы құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі:

1) "Рухани келісім конгресі" халықаралық қоғамдық қорымен (келісім бойынша) бірлесіп, Қазақстан Республикасының, таяу және алыс шет елдер ғалымдарының, саясаттанушыларының, мәдениет қайраткерлерінің, діни және қоғамдық бірлестік басшыларының, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен 2005 жылғы 17 қазанда Астана қаласында "Төзімділік арқылы - рухани бірлікке" халықаралық ғылыми-практикалық конференциясын өткізуді қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің телерадиокешенімен (келісім бойынша) бірлесіп, 2005 жылғы 18 қазанда Рухани келісім күніне арналған телемарафон өткізуді қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

3) өткізілетін іс-шараларды кеңінен ақпараттық жария етуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысушылардың көліктік шығыстарына және қонақ үйде тұруына 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 1939800 (бір миллион тоғыз жүз отыз тоғыз мың сегіз жүз) теңге сомасында қаражат бөлсін.

4. Астана қаласының әкімі Конгресс-холда Рухани келісім күніне арналған концертті өткізуді қамтамасыз етсін.

5. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңес Хатшылығына жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2005 жылғы 17 қазандағы

N 295-ө өкіміне қосымша

**Рухани келісім күнін дайындау және өткізу
жөніндегі жұмыс тобының құрамы**

- Қосыбаев - Қазақстан Республикасының Мәдениет,
Есетжан Мұратұлы ақпарат және спорт министрі, төраға
- Әбділдин - Қазақстан Республикасы Парламентінің
Жабайхан Мүбәрақұлы Сенаты Халықаралық істер, қорғаныс
және қауіпсіздік комитетінің төрағасы
(келісім бойынша)
- Мұхамеджанов - Қазақстан Республикасының Парламенті
Төлеген Мұхамеджанұлы Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)
- Әлиев - Қазақстан халықтары Ассамблеясы
Жұматай Әлиұлы Хатшылығының меңгерушісі
(келісім бойынша)
- Бабақұмаров - Қазақстан Республикасы Президентінің
Ержан Жалбақұлы Әкімшілігі Ақпараттық-талдау
орталығының меңгерушісі
(келісім бойынша)
- Қалетаев - Қазақстан Республикасының Президенті
Дархан Аманұлы Әкімшілігінің Ішкі саясат басқармасы
Әлеуметтік-саяси бөлімінің меңгерушісі
(келісім бойынша)
- Майлыбаев - Қазақстан Республикасының Президенті
Бағлан Асаубайұлы Баспасөз қызметінің басшысы, Қазақстан
Республикасының Президенті Баспасөз
хатшысының орынбасары (келісім бойынша)
- Қуанғанов - Қазақстан Республикасы
Фархад Шаймұратұлы Премьер-Министрінің Кеңесі
Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің
меңгерушісі
- Мұхашев Аманбек - Қазақстан Республикасының Үкіметі
жанындағы Діни бірлестіктермен
байланыс жөніндегі кеңес Хатшылығының
меңгерушісі
- Райымбеков - Қазақстан Республикасы
Сайлаухан Ғазизұлы Премьер-Министрінің Кеңесі Өңірлік
даму бөлімінің меңгерушісі
- Шөкеев - Астана қаласының әкімі
Өмірзақ Естайұлы

Әбдімомынов	- Қазақстан Республикасының Білім және
Азамат Құрманбекұлы	ғылым вице-министрі
Диқанбаева	- Қазақстан Республикасының Денсаулық
Сәуле Әлкейқызы	сақтау вице-министрі
Жошыбаев	- Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
Рәпіл Сейітханұлы	министрінің орынбасары
Шпекбаев	- Қазақстан Республикасының Ішкі істер
Алик Жатқамбайұлы	вице-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК